



Менің отбасымның рухани құндылықтары

Жуманова Палжаухар Оспановна
"Лесхоз" шағын жинақты бастауыш мектебі" КММ
бастауыш сынып мұғалімі

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	3.1.1.3 Өз әулетінің құндылықтарын анықтау	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: – «жылы ұя», «отбасы» түсініктерінің мағынасын ашады; – туғандарына, ата-анасына, жақындарына қамқорлық танытуға тырысады. Көптеген оқушылар – отбасының құндылықтарына құрметпен қарайды; Кейбір оқушылар: өзінің болашақта құратын отбасы туралы ойланады.	
Бағалау критерийлері	Оқушылар: отбасының құндылықтарына құрметпен қарайды;	
Тілдік мақсаттар	<p>Пәнге тән лексика мен терминология:</p> <ul style="list-style-type: none"> • ЮНЕСКО • Мәдени мұра • Әлемнің жеті кереметі • Қазақстанның ресми және бейресми рәміздері • «Алтын адам» «Бәйтерек», «Мәңгілік ел» салтанатты қақпасы <p>Диалог пен жазу үшін пайдалы сөз тіркестері: Талқылауға арналған сұрақтар: -ЮНЕСКО деген не? -Қазақстанның қандай мемлекеттік рәміздерін білесіңдер? -Қазақстанда қандай мәдени ескерткіштер бар? Жазуға берілетін тапсырмалар: -«Қазақстанның жеті кереметінің» тізімін жасау -«Менің өлкемнің еңбек ерлері» тақырыбына шығарма жазу</p>	
Құндылықтарды дарыту	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.	
Пәнаралық байланыстар	Жаратылыстану, әдебиет, өзін-өзі тану	
АКТ қолдану дағдылары	Интернет-ресурстар дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;	
Ресурстар	Топқа бөлуге арналға парақшалар, интерактивті тақта, жұмыс дәптері, қаламдар, түсті қарындаштар, стикерлер т.б	
Бастапқы білім	1-2 сыныптағы отбасы туралы материалдар	
Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. «Жылы жүрек- ізгі тілек» тренингін өткізу. «Пазл» әдісі арқылы 3 топқа бөлу.</p>	«Мен ақылды баламын» сергіту жаттығуы.

	Жаңа топ құру. 1-топ «Қазақстан» 2-топ «Бәйтерек» 3-топ «Астана» «Бір сөзбен» әдісі барысында оқушылар берілген сөздердің ішінен бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтын үш сөзді таңдайды. (қуаныш, немқұрайдылық, шабыт, зерігу, сенімсіздік, сенімділік, рахаттану, алаңдау) Жұмыс ережесін келісу: Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты, дәл жауап береміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) ҚБ: «Басбармақ» арқылы бір-бірін бағалау.	Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер. Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.
Сабақтың ортасы	Ширату тапсырмасы. Жұмбақтың шешуін табу Бала, бала, бала деп Түнде шошып оянған. Түн ұйқысын төрт бөліп Түнде бесік таянған. Қолын қатты тигізбей Кірлі көйлек кигізбей Иісін жұпар аңқытқан (Ана) Тағдырдың кеуде тосып жартасына, Біз үшін түскен майдан ортасына, Алаңсыз салып сайран шалқып жүрміз Біз бүгін олардың арқасында. (Әке) Дегенімді жасайтын Қалған тамағымды асайтын Ертіп алып жетектеп «Немерем» – деп атайтын (Әже) Айтары мол ғұлама Көп жасасын бұл адам, Әкесі ол әкеңнің Білер оны сұраған (Ата) ҚБ: «Басбармақ» арқылы бір-бірін бағалау. Белсенді оқу тапсырмалары (топта, ұжымда) «Ойлан» айдарындағы мәтінді оқу. 1) Топтар сұрақтарға жауап береді. 2) Мұғалімнің белгісінен кейін топтар орындарымен ауысады және басқа топтың жауабын толықтырады. 3) Барлық жауаптарды талқылау және сұрақтың нақты жауабын көрсету. Дескриптор: отбасының құндылықтарына құрметпен қарайды;	Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Белсенді оқу тапсырмалары. Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.
Сергіту сәті «Даналық ағашы»	Әр бала өзі жасаған жақсы істерін немесе өзінің бойындағы жақсы қасиеттерін стикерге жазып іледі. Іліп жатқанда әрқайсысы өзгелерге, айналасына өзі жасаған жақсылықтарын, қасиеттерін жария етеді.	Оқушылар сергіту сәтін жасайды.
Сабақтың соңы	Топтық жұмыс. «Галереяда ой шарлау» Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын	Оқулықтағы қосымша тапсырмалар.

	беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді «Отбасылық альбом»-постер жасау. Мұғалім: Әр отбасында отбасылық фотосуреттер бар Фотосуреттер қымбат адамдарымыз жайлы, өмірімізде болған оқиғалар жайлы естеліктерді мәңгі есте қалдырады. ҚБ: «Бағдаршам» көздері арқылы бір-бірін бағалау. (ҚБ) “Екі жұлдыз, бір тілек” әдісі. Рефлексия (жеке, жұпта, топта, ұжымда) Кері байланыс: «Ойды аяқта» әдісі арқылы қорытындылаймын	Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.
Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?	Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы Денсаулық сақтау технологиялар ары. Сергіту сәттері мен белсенді іс- әрекет түрлері.
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары /оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?	Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз. «Ойды аяқта» әдісі арқылы кері байланыс жасалды. Сабақта тапсырма, қарқын әдісі арқылы саралау жүргізілді.Саралау оқушының материалды игеріп түсінуі үшін және өз мүмкіншілігінің бар екенін түсіну үшін.	
Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойлаңыз)? 1: 2: Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойлаңыз)? 1: 2: Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?		